Орыстың әйгілі тарихшысы А.Левшин қазақтардың халық құрылтайында жалпы халықтың өміріндегі немесе мемлекеттік істердің әр саласындағы маңызды міндеттер қаралатынын, оларды шешу үшін барлық сұлтандар, ақсақалдар мен ру басылары күзде шақырылатынын жазған[5,99]. Халық жиналысының жұмыс істеуінің ақыры Тәуке хан тұсына сәйкес келеді. Ол қайтыс болған соң қазақ қоғамында орын алған жікшілдіктің ықпалы дәстүрлі халық жиналыстарының әр жүздегі хандықтар ауқымында өте бастады. 1863 жылға дейін мұндай құрылтайлар Сайрамдағы Мәртөбеде өтсе, 1683 жылы Сайрамды жоңғарлар талқандаған соң 1684-1709 және 1711-1722 жылдары Тәшкен маңындағы қасиетті Ордабасы деген атпен тарихта қалған Күлтөбеде өткен (1710 жылы жиын Бөген өзеніне таяу жердегі Қаракүмтөбеде өткен). “Күлтөбенің басында күнде жиын” деген сөз содан шыққан.

Халық жиналыстары қазіргі заманғы демократиялық, құқықтық тұрғыда тікелей қатысу формасына, яғни плебисцитке, референдум өткізуге ұқсас болып келетінін көруге болады. Ел мен жер үшін аса маңызды мәселелер осындай құрылтайда шешілген. Мысалы, Кіші жүздің Ресейге бодан болып қосылу ниетін іске асыру үшін Әбілхайыр хан он екі ата Әлім ұлы, Бай ұлы мен Жетірудан келген 25 ру өкілдерін Ырғызға жинап, Маңтөбе деген жерде жиын өткізіп ақылдасқаны тарихта мәлім. Ел қамын ойлап, шешендік пен көсемдікті қатар ұстанған билер елдің ішкі тірліктерін ұйымдастыруда да, сыртқы саясаттың делбесін тең ұстауда да көрегендік танытқан. Билер шешімі, мерзімді уақыт аралығында болса да, қансырап, әлсіреген, берекесі қашқан жұртынан қалғандардың басын бүтін сақтап қалуға бағытталған. Билердің жарлығы халықтың, мемлекеттің түпкі мүддесін сақтап қалуды

көздеген ниеттен туған, сол себепті шиеленіскен, тағдыр таразыға түскен мәселелерді элеуметтік әділдік жолмен шешті.

Қазақ билерінің өзіне тән ерекшелігі мен басқа халықтарда кездеспейтін қасиеті – дау-жанжалдарды мағыналы, шешендік сөздермен шешуі. Мұны қазақ халқына тән феномен деп бағалауымыз қажет. Арнайы жазылған кодекстерге, көптеген құқықтық-нормативтік актілерге сүйенбей-ақ, өз орнымен қисынды айтылған бір сөзбен дауды тоқтатуды қалыптастырған қазақ ұлты сөз мағынасына, оның шексіз мүмкіндігіне ертеден-ақ назар аударған. «Қап салмағы дәнінде, сөз салмағы мәнінде» деп білетін билер әділдікті шешендікпен ұштастырып, елдің қамын жеген.

Тарихи деректерге сүйене отырып, зерттеушілер қазақ билерінің іс қарауы қоғамдық іс-шара ретінде қаралып, қандай дау болса да билердің шешімі бүкіл жұртшылықты қанағаттандырғанын көрсетеді. Жалпытанылған пікір бойынша билер сотының мынадай қайталанбас ерекшеліктері болған:

1) қылмыстық жауапкершілікке тарту 13 жастан бастап жүзеге асқан. Қазақтардың арасында «он үште отау иесі» деген ұғым қалыптасқан.

2) билер институтының қоғамдық қызметі мен құқықтық бағыт-бағдарын айқындауда өзіндік дала конституциясы ретінде танылған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» құқықтық ережелері құнды болды. Егер де даулы істерді қарау барысында шешім шығаруға қатысты мәселелер осы аталған заңдарында қаралған болса, онда соларда көрсетілген ережелерге сүйенген.

Би туралы ұлы Абай өзінің үшінші қара сөзінде: «...Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кеңес» болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына тартымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ. Бұрынғы қазақ жайын білетін жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» – деп. Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Өйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере болғандықтан түссе, айтпесе түспесе» – деуі көп нәрсені аңғартады[6,13].

Сонымен қатар, билер сотының шешімі әрқашан да әділеттікке негізделіп, олардың кескен үкімдері мен шешкен даулары өзіндік құқықтық норма сипатына ие болған. Сол арқылы жаңадан туындаған дау-жанжалды, нақты бір қиын істі шешкен ереже, қағида, нақыл сөздер норма, сот прецеденті ретінде ел арасына тарап, келешекте орын алған ұқсас сот істерінде, дау-жанжалдар туындағанда қолданылған.

Қазақ билері дауласушы тараптардың өзара келісімі бойынша таңдалды. Ал егер істі қараушы тек бір тараптың қалауымен таңдалса, оның билігі әділ деп саналмады. Бұл жағдайда іс қайта қаралды. Консенсуспен таңдалған би: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген ұстанымға берік болып, сол арқылы сотта ұтылғандардың өзі шығарылған үкімнің әділдігіне ешбір күмәнсіз болған, себебі билік айтушы биді өзі қалап, оған билік айтуға құқық береді. Бұл дегеніміз қазақ қоғамында таңдау құқығының еркін қолданыста болғанын айғақтайды.

Билер сотында апелляциялық құқық та сақталған, мысалы, дауласушы тараптар бидің айтқан билігіне риза болмаса, шағым беруге құқылы. Сонымен қатар, билер сотында ант беру рәсімі жүргізіліп, барлық қаралған істер бойынша қорғаушылар қатысқан.

Белгілі заңгер С.Зимановтың көрсетуінше, қорғаушы болуға Тәуке ханның «Жеті Жарғысының» талаптары барлық ниет білдірген адамдарды қатыстырған. Қорғаушылар барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, айыпкерді қорғау құқығына ие. Егер қаралған іс бойынша куәгер болатын адамдар жоқ болса, ант, яғни жан беру рәсімі іске асырылады. Жан беруге дауласушылардың құқы жоқ. Айып тағылған адам үшін аймаққа, руға, елге танымал адамның оның кінәсіздігін көрсетіп, өз атынан ара түсуі және қорғауы. Жан беру рәсіміне

беделсіз, елге танымал емес адамдар жіберілмейді. Себебі сенімсіз адамдардың жан беруі әділетсіз билік шығаруға жол ашуы әбден мүмкін [7, 26].

«Жеті Жарғыны» арнайы зерттеген Н.Өсерұлының еңбегінде құн мәселесі нақты көрсетілген: «Екі көзді шығарса – толық құн; бір көзіне – жарты құн; екі құлағын кессе – жарты құн; екі қолын кессе, мүгедек етсе – толық құн; әрбір саусағы үшін оннан бір құн; әйелдің екі емшегін кессе – толық құн; еркек піштірілсе – толық құн; қатты соққыдан адам жынды болса – толық құн; жаңа біліне бастаған нәресте үшін – бір тоғыз айып; 5 айлыққа дейін – 3 тоғыз; 5 айлықтан жарық көргенше – жарты құн; ал жарық көрсе – толық құн»[8,46].

Билердің қоғамдағы әділеттілікті сақтаудағы қызметтерін зерттеуде заңгер-ғалым С.Созақбаевтың «Тәуке хан. Жеті жарғы» атты еңбегінде қазақ қоғамында даулы істің қаралуы екі сатыға бөлінгенін көрсетеді: біріншісі, екі дауласқан жақ билердің істі қарауына дейін, өзара келісім дауды шешуге қимыл-әрекет жасайды. Әдеттік құқықта оны «Бітім», «Береке», «Салауат» деп атаған[9,45].

«Бітім» – екі жақтың өзара келісімі арқылы, сөз жүзінде даудың аяқталуы. Бітімнен кейін билерге істі қарауға құқық берілмейді. Себебі бітімді, өзара келісімді бір жақты бұзу сөзде, сертте тұрмаудың, жалпы ар-ожданның жоқтығының белгісі.

«Береке» – айырбас, немесе сатып алу туралы сөз жүзінде шарт жасау. Өзіндік мүдделерін қанағаттандыру. Жалпы қазақтың әдеттік құқығында «береке» институты барлық келісім шарттардың негізі болған.

«Салауат» – немесе кешірім, – дауласқан екі жақтың бір-біріне талап қоюдан бас тартуы, яғни кешірім беруі. Кешірім жасау ауыл, ел, ру ақсақалдарының қатысуымен өтетін болған.

Тәуке хан заманынан бері қалыптасқан тағы бір институт - Жүгініс, тайпалар арасындағы даулар мен қақтығыстарға ұжымдық қатынас. Негізінде бұл институт әлеуметтік демократияның нышаны ретінде танылады және оның процедурасына сәйкес өзара келісім бойынша интеллект деңгейі жоғары «араб», яғни «шекараны кесіп өтпейтін» белгілі, дауға ешқандай қатысы жоқ оның әділеттілігі. Ол істің барлық мән-жайларын алқалы органның судьяларына баяндайды және екіжақты келісімді талап етеді. Бітім болмаған жағдайларда билер ұсынылған барлық дәлелдерді таразыға сала отырып, өздерінің билігін айтады. Даудың соңы «ала жіп» кесу рәсімімен аяқталады. Көпшілік алдында «араби» екі жақтың дауласқан адамдарына, немесе олардың өкілдеріне ала жіптің екі шетін ұстатып, ортасынан кеседі. Қазақ қоғамының дамуы барысында «Араби» ұғымы «Төбе би» ұғымымен алмастырылды[10,16].

Билер атқарған әділ қызметтер арқасында Қазақстан Республикасында бірлік пен татулықты қалыптастырды. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылып, оның сәтті жұмыстар атқаруы, ТМД елдерінің ішіндегі тұрақтылық қаймағы бұзылмай, мемлекет тұтастығының мінсіз сақталуымен қатар бірден-бір тәуелсіз, демократиялық, құқықтық мемлекет болуына үлес қосқан «рухани жаңғыру» бағдарламасымен алға тартқан бір кезде билер салған ел бірлігін сақтау саясатының сабақтастығы деуге негіз бар.

Жоғарыда меңзеп, айтып кеткен мән-жайлар бойынша қазақ хандығы қоғамында билердің билік кесу кезінде олқылықтар жіберу, би үшін бедел, атақ-абыройдан айырылу - ең үлкен жаза болып саналған болса, қазіргі таңдағы қазақ халқында қалыптасқан сот төрелігін жүзеге асырушы тұлғалар ретінде судья атқарған жағдайда шешімге келіспеген жағдайда не шешімнің дұрыстығына күмән тудырған жағдайда, апелляциялық шағым,наразылық беріледі, бірақ бұл судьяның беделіне абыройына нұқсан келтірмейді. Бұл дегеніміз қазіргі қазақ халқының демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде қалыптастыру сатыларында адамдардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі мен ақиқаттылығына түскен көлеңкелік деуімізге болады.

Қорыта келгенде, Қазақстан жұртшылығы замана талабына сай мемлекеттік жүйе мен саяси құрылым қалыптастыру үшін дәстүрлі құқықтық мәдениеттің демократиялық-гуманистік принциптерге құрылған билер төрелігі тәрізді жекелеген институттарын қайта

жаңғырту қажеттігін жақтады. Елдің сот жүйесінде билер институты қалпына келтіріп, оған жергілікті заң бұзушылық көріністеріне, неке дауы, отбасы, ағайын-туыс араздығы тәрізді келеңсіздіктерге төрелік ету функциясын беру туралы ұсыныстар жасалды. Көне ғасырлар заманындағы қазақ қоғамындағы ел басқару жүйесіндегі билер кеңесінің жүргізген саясаттары бүгінгі таңдағы қазақ елінің құқықтық сана, құқықтық тәртіп, құқықтық мәдениет пен құқықтық тәртібімізді қалыптастыруға өз ықпалын толықтай тигізеді деуге болады. Осы мәселеде С.З.Зимановтың үлесі ұшан теңіз. Қазақ халқының саяси идеологиялық тұрғыдан құқықтық, демократиялық мемлекет болып дамудағы белесті жолдарда айрықша өз көрінісі мен рөлін тапқанын көрсетеді. Құқықтық мемлекет ретінде адам және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау кепілдіктерін қалыптастырдық, сондай-ақ азаматтық қоғам белгілерінің құрылуна негіз болып отыр. Ең алдымен бастысы сот жүйесі мен сот реформалары қалыптастырылды. Судьялар сот төрелігін жүргізуде билер кеңесінің әділеттілік, теңдік қағидаларын негізге ала отырып, даулы істер бойынша мәселерді шешті.

Қазақстандық ғалым К.Х.Халықов сот билігін мемлекеттік биліктің ең маңызды тармақтарының бірі деп көрсетті. Оның қоғамның саяси және әлеуметтік жүйесіндегі мәртебесі, орны мен рөлі бүгінгі таңда ең қымбат қазына [11,5]. Адам, оның құқықтары мен бостандықтары және заңдылық болып табылатын өркениетті азаматтық қоғам мен демократиялық құқықтық мемлекет орнату міндеттерімен айқындалады. Сот билігі адамдар тағдырындағы ең жоғары әділеттік таразысы тәріздес.

Бүгінде сот билігі мемлекеттік биліктің барлық қажетті атрибуттарына ие. Ол оны мемлекет тұрақтандырушы күшке айналдырды, қоғамды әлеуметтік тартыстардан қорғайды. Қазақстан Республикасы егеменді, тәуелсіз ел ретінде қалыптастыра отырып, ұлттық мәдени құндылықтарын, бүкіл мәдени-рухани, құқықтық-саяси мұраларын сақтап қалуға және қайта жаңғыртуға, сонымен қатар, сот жүйесі функцияларының белсенді дамуы және олардың қызметтерінің кіршіксіз адал атқаруына көп зейін қойып отыр. Бұл Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекеттілігін одан әрі жетілдірудегі ел басқару мен билік жүргізуі тармақтарының заңдылығы мен тәртіптілігі арқылы сенімді болашаққа барар жолдарының бірі деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Уәлиханов Ш. Сот реформасы жайында жазба. Кіріспеге мақалалар мен ескертулерді жазған С.Ф. Ударцев. –Алматы: Жеті жарғы, 2003. –Б. 53. (Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары сериясы).

2 Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. -Алматы: Дайк Пресс, 2004. -206 б.

3 Төле би, Араб тілінен көшірген, құрастырған, алғы сөзін жазған С. Дәуітов. –Алматы, 1991. -Б. 11.

4 Әлдибеков Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық жиналысы (құрылтай) және билер кеңесі – парламенттік демократияның алғашқы үлгісі // Ата заңдар. Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10-томдық (Бағдарлама жеткешісі: С. Зиманов). 2 том. -Алматы: Жеті жарғы, 2004. -672 б.

5 Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. -Спб, 1832. –Ч.3. -С. 99-100.

6 Абай. Қара сөздер. Поэмалар. -Алматы: Ел, 1993. -272 б., -Б. 13-14.

7 Зиманов С.З. Қазақтардың құқық әлемі «Жарғы» бірегей құқық жүйесі ретінде // «Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы» Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары 19 қазан 2005 жыл, Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2005. - 964 бет. –Б. 24-36.

8 Өсерұлы Н. Жеті Жарғы. –Алматы: Жеті Жарғы, 1995. -80 б. -Б. 46.

9 Созақбаев С. Тәуке хан. Жеті жарғы. –Алматы: Санат, 1994. –Б. 45.

10 Әбенәв Е.М., Арынов Е.М., Тасмағамбетов И.Н. Қазақстан: мемлекет пен қоғамның эволюциясы. -Алматы: Қазақстан даму институты, 1996. -Б. 16.

11 Халиков К.Х. Проблемы судебной власти в РК. Алматы, 1998 1076

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ЗАМАНАУИ ҚЫЗМЕТІНЕ ӨЗІНДІК КӨЗҚАРАС

Сайлау А.М., Экономикалық қауіпсіздік мамандығының 2 курс магистранты

Байжанова К.Т., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы доценті

Заң ғылымында мемлекет қызметі (функциясы) қоғам дамуының белгілі кезеңіндегі мемлекеттің әлеуметтік мәні мен маңызын, ролін көрсететін әрекетінің басты бағыттары ретінде қарастырылады. Қазіргі кезеңде мемлекет қызметін жаңа сипатта: қоғамдық процестерге мемлекеттік әсер ету механизмі ретінде баян ету кең етек жаюда. Осы көзқарас дұрыс көрінеді, өйткені мемлекет қоғам өмірінің аяларында белгілі бір реформалар жүргізе отырып, қатынастарды құқықтық реттеу арқылы қоғамдық процестердің даму жағдайына әсерін тигізеді.

Заманауи Қазақстан құқықтық мемлекет қалыптастыру мақсатын табандылықпен жүзеге асырып келе жатқан жас мемлекет. Қазақ елінің тәуелсіздігін жариялауының тарихи үрдісі қазақ халқының демократиялық моделдегі мемлекет құраушы ұлт ретінде жаңғыруының негізі [1,78]. Еліміздің құқықтану ғылымына зор үлесін қосқан Салық Зиманұлы Зимановтың пікірінше, Қазақстан дамыған, қонақжай және жаңашылдық пен алдыңғы қатарлы ойға ұмтылушы мемлекет құраушы ұлты бар тәуелсіз, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде мызғымастай орнығуы қажет. Қазақстан аса бай табиғи ресурстарға ие, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын танитын және сақтайтын мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа толыққанды серіктес санатында кіруі қажет [2, 158].

Танымал құқықтанушы М.Т.Баймахановтың көзқарасы бойынша құқықтық мемлекетте заң негізінде тағайындалған ережелер мен рәсімдерді сақтай отырып құрылатын барлық мемлекеттік және қоғамдық институттар мен құрылымдардың легитимділігі, олардың мақсаттары, міндеттері және қызмет ету нысандары мен әдістері ресми түрде нақты реттелінеді [3,328]. «Құқықтық мемлекет - Қазақстанның барлық органдары мен лауазымды адамдарының қызметі құқық нормаларына байланысты, соған бағынышты және соған сәйкес іс-әрекет жасайды» - деген көзқарас Қ.Д. Жоламанов еңбектерінің өзегін құрайды [4,83]. Қ.Мамидың көзқарасы бойынша рәміз және әлеуметтік идеал ретіндегі құқықтық мемлекеттілік алдымен азаматтық қоғамның озық идеологиясын білдіреді, оның біртіндеп нормативті деңгейде объективтендірілуі қоғамның құқықтүсінушілігінің деңгейімен негізделеді [5,2].

Құқықтық мемлекет қызметі түсінігін мемлекеттің мақсаты мен міндеті түсінігімен, мемлекеттің жеке органдарының қызметімен шатастыруға болмайды. Қоғам мақсаты мемлекеттің жетуге тырысатын биіктері болса, міндеттер мақсатқа жету құралдары ролін атқарады. Яғни, мақсат пен міндет оның функцияларын анықтайды. Әрекеттің белгілі бір түріне арнайы лайықталған көп санды мемлекеттік органдар функциясына қарағанда мемлекет функциясында оның әрекеті тұтастай қамтылған, оның мәні мен әлеуметтік құндылығы көрініс табады.

Мемлекет қызметі көп жақты, оның қалыптасуы мемлекеттің дамуы және нығаю процесімен бірге жүреді. Қызметтердің пайда болу реттілігі қоғамның тарихи дамуындағы мақсаттар мен міндеттердің пайда болу реттілігіне байланысты болады. Заң ғылымында мемлекет қызметі әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі, бұл түрлі жүйелік белгілермен түсіндіріледі. Жүйелердің негізі ретінде мемлекет қызметінің объектілері мен өрістері

тандалып алынады. Оған аумақтық көлемі, мемлекеттің қоғамдық қарым-қатынастарға тигізетін әсері де жатады.

Мемлекет қызметін жіктеудің тікелей мақсаты, оларды жан-жақты зерттеу және тиімдірек қолдану үшін жағдайлар жасау, бұл мемлекет қызметінің негізгі бағыттарын жетілдіру бойынша тәжірибелі ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Заң ғылымында, тәжірибеде мемлекет қызметін жіктеудің мынандай негіздері бар: 1) өмір сүру және қызмет ету ұзақтылығына байланысты тұрақты және уақытша; 2) әлеуметтік маңыздылығына байланысты билік етуші топтардың мүдделерін көрсететін немесе өзінде барлық қоғам мүддесін шоғырландыратын қызмет; 3) жүзеге асыру және «қолдану» аяларына байланысты саяси, идеологиялық, әлеуметтік, экономикалық; 4) жүзеге асыру нысандарына байланысты құқыққалыптастырушы, құқыққолданушы, құқыққорғаушы болып бөлінеді. Қазіргі кезеңде мемлекет қызметі биліктің бөлінуі қағидасына сай заң шығарушы, атқарушы және соттыққа жіктеледі. Бұл бөлініс мемлекет билігінің жүзеге асырылу механизмін көрсетеді [6,7]

Экономикалық саладағы қызмет. Мемлекет экономикалық салада кәсіпкер, жоспарлаушы, үйлестіруші ретінде мәселелер шешеді. Экономиканы нарықпен қатар мемлекет те реттейді. Мемлекеттің экономикаға ықпалы салық, несие, экономикалық бағдарламалары арқылы жүзеге асады. ҚР 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында «Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм» ретінде айқындалған [7,1].

Саяси қызмет. Бұған мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ әлеуметтік және ұлттық келісімді қамтамасыз ету, өзара күресуші әлеуметтік күштердің қарсылығын басу, ел егемендігін ішкі және сыртқы күштердің қол сұғушылығынан қорғау мәселелерін шешу жатады. Егеменді еліміздің аталған бағытта атқарып отырған іс-қимылы ерен десек қателеспейміз.

Әлеуметтік қызмет мемлекет тұрғындарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау, азаматтардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру шараларын іске асыру, тұрғындардың қажетті өмір сүру деңгейін қолдау, еңбек жағдайын, оның ақысын, тіршілік деңгейін қамтамасыз ету мәселелерін шешеді.

Идеологиялық қызмет. Қазақстан мемлекеті қазіргі өркениет дамуының жалпы бағытымен алғанда тарихи дәстүрлерге негізделген өзіндік ерекшеліктерімен айшықталады. ТМД елдері мен Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі мемлекеттің дамуы социумның азаматтық қоғамға, саяси және әлеуметтік плюрализмге ауысуымен сипатталады. Мемлекеттің аталған қызметіне елдегі басым идеологияны қолдау, білім беруді ұйымдастыру, ғылымға, мәдениетке қолдау көрсету тәріздес жұмыстар жатады. Қазақстан Республикасында ұлтаралық келісімді нығайту мәселелеріне басты назар аударылған. Елімізде діни сенім бостандығы танылады, кәмелетке толған әрбір азаматтың өз еркімен дін тұтыну бостандығы бар. Бастауыш және орта білім беру ақысыз негізде жүзеге асырылады, жоғарғы білім беру мемлекеттің бақылауымен жүргізіледі.

Тәуелсіз Қазақстан үшін қолайлы даңғыл жол - демократиялық мемлекет. Ондай мемлекеттің артықшылығы адамдар бір идеология, бір сүрлеу жол үшін жанын пайда етпейді, өзгеріске, жаңалыққа мол мүмкіндік қалдырады. Кез келген мемлекет өз азаматтарын болашақ туралы идеялармен қамтамасыз етуі керек. Біздің елде Президентіміздің «Қазақстан – 2050» ел халқына жолдауы мемлекеттің даму бағытын анықтайтын стратегиялық құжат болып отыр. Онсыз адамның күнделікті іс-әрекетінің мәні болмайды, ол адамды үміт-болашаққа, сенімге жетелейді. Айқын бағдарламаның арқасында дәлелді де икемді және тиімді мақсат пен міндетті алға қоюға мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зиманов С.З. Парламент Республики Казахстан в трудные годы провозглашения независимости. – Алматы: Алаш, 2011. – 288 с.
2. С.Ф.Ударцев. Учителя и коллеги. Из истории юридической мысли Казахстана XX - начала XXI вв. – Алматы: Раритет, 2011. – 576 с.
3. Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права. - Алматы: АЮ-ВШП «Әділет», 2003. - 710 с.
4. Жоламанов Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. - Алматы: Нұр-пресс, 2005. – 296 б.
5. Мами К. Правовое государство: социальный идеал и реальность // Законодательство. – 2003. - N 2.
6. Сартаев С.С. ҚР билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2002. – 187 б.
7. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // akorda.kz

АДМИНИСТРАТИВНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО В УСЛОВИЯХ СУДЕБНО-ПРАВОВОЙ РЕФОРМЫ В КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКЕ

Сыдыгалиева А.С., к.ю.н., доцент кафедры административного и финансового права Кыргызско-Российского Славянского университета

Согласно Указу Президента Кыргызской Республики от 8 августа 2012 года УП №147 «О мерах по совершенствованию правосудия в Кыргызской Республике» была начата работа по «дальнейшему реформированию судебной системы, которая предполагала обновление действующего на тот момент административного, уголовного, уголовно-процессуального, гражданского процессуального законодательства, а также законодательства, регулирующего организацию и деятельность судов, правоохранительных органов и иного законодательства, прямо или косвенно связанного с вопросами отправления правосудия» [1].

В результате данной реформы в 2017 году административное законодательство Кыргызской Республики претерпело кардинальные изменения. Утратил силу Кодекс Кыргызской Республики «Об административной ответственности», и с его отменой упразднено такое понятие как «административная ответственность юридического и физического лица», а нормы Кодекса «Об административной ответственности» перешли в разряд уголовно-правовых, и в результате мы получили новые Уголовный кодекс КР, Уголовно-процессуальный кодекс КР, Кодекс КР о нарушениях и Кодекс КР о проступках.

Административная ответственность предусматривается только в отношении должностных лиц. Так, Законом КР «Об административной деятельности и административных процедурах» стали «регулироваться правоотношения между административными органами и физическими, юридическими лицами при осуществлении административных процедур; обжалования административного акта, действий и бездействия административных органов; исполнения административного акта; взыскания административных расходов; возмещения вреда, причиненного административной процедурой, и как видно данный закон не регулирует вопросы ответственности, соответственно не стало такого понятия как «административная ответственность» [2].

Таким образом мы видим, что административная ответственность выступает одним из наиболее проблемных видов юридической ответственности и более того, даже его существование ставится под сомнение. Правильное осмысление данного института, которое в полной мере возможно с учетом особенностей зарождения и развития административной

ответственности, имеет важное значение для определения перспектив современного законодательства об административных правонарушениях.

«В научной литературе сложившаяся ситуация связывается с обособлением административной ответственности от уголовной ответственности, которое было обусловлено выделением в законодательстве Российской империи в 30—40-е гг. XIX в. малозначительных правонарушений или маловажных преступлений (проступков). К концу XIX в. сформировался самостоятельный вид публично-правовых деликтов, окончательно обособившиеся от преступлений в качестве административных правонарушений в послереволюционный период. Это означает, что административная ответственность имеет продолжительную историю формирования и развития. Следовательно, любой исследователь должен иметь дело с ее длительной и непрерывной традицией, которая берет свое начало в дореволюционном праве. Не является случайным выбор в качестве ключевого элемента административной ответственности административного правонарушения, которому в отличие от преступления в доктрине придается свойство общественной вредности или меньшей общественной опасности, поскольку очевидно, что по данному критерию одни деяния могут формально-юридически определяться как качественно отличающиеся от других. Соответственно, посредством разграничения административных правонарушений от преступлений закладывается надежная основа существования административной ответственности» [3].

Более того, мы имеем 70-летний период советского развития государства, при котором административная ответственность рассматривалась как мера обеспечения соблюдения нормативных актов высших органов советской власти, регулирующих отдельные сферы государственного управления.

При этом, весь этот период, постсоветский период, независимого развития Кыргызстана нас учили, что в нашей правовой системе существует два вида правонарушений – это преступление и проступок, что в уголовном праве противоправное деяние называют преступлением, за которое предусмотрена уголовная ответственность, а в административном – административный проступок, за который соответственно предусмотрена административная ответственность, что является отличительным признаком. Но, самым важным отличительным признаком является, степень общественной опасности. Таким образом, преступление – это общественно опасное виновное деяние, предусмотренное уголовным законодательством и только суд может привлечь к уголовной ответственности и определить ее меру. Соответственно, можно выделить следующие уголовные признаки уголовной ответственности: влечет судимость; связано с лишением свободы; рассматривается исключительно судом, не рассматривается широким кругом уполномоченных органов.

В отличие от преступления, проступок – это виновное, противоправное деяние (действие или бездействие), причиняющее вред или создающее угрозу причинения вреда личности, обществу или государству, совершенные в сфере государственного управления меньшей тяжести, т.е. это не опасное правонарушение, за которое предусмотрена административная ответственность. Мерой ответственности служат административные взыскания, среди которых – предупреждение, штраф, исправительные работы. Отсюда, существенным признаком, лежащим у истоков признания административной ответственности, является назначение наказания в административном порядке; это делается в упрощенных процедурах административным органом, а не судом. К ответственности за проступки (административные правонарушения) привлекает широкий круг уполномоченных органов. Более того, в административном порядке имеется возможность обжаловать решение административного органа в вышестоящей инстанции, т.е. предоставляется возможность неоднократно защищать свои интересы в административном порядке.

Однако, не понятно, почему Кодекс о нарушениях перешел в разряд уголовно-правовых, почему за неопасные правонарушения несем уголовную ответственность, почему к уголовной ответственности привлекает широкий круг уполномоченных органов. Все это противоречит основам нашей правовой системы. В таком случае нам нужно менять свою правовую систему и переписывать вообще теорию государства и права. Даже само название

кодекса, не дает четкого понимания того, к какой ответственности привлекаются нарушители.

Все эти изменения повлекли за собой определенные сложности в правоприменительной практике, особенно в деятельности правоохранительных органов. Многие действенные меры административных взысканий были исключены из Кодекса о нарушениях, такие как административный арест, общественные работы, административное выдворение. Это привело к тому, что правоохранительные органы зачастую не могли применить рычаги воздействия к нарушителю.

Вместе с тем, реформирование административного законодательства повлекло за собой изменения в образовательном процессе. В силу отсутствия кодекса об административной ответственности, из образовательного процесса исключается такая дисциплина, как административное право. Тем самым из теории выпадает целый блок материальных норм, закрепляющих понятийный аппарат административного права, систему органов исполнительной власти, их правовой статус, закон о государственной службе, так как это все не входит в предмет новой дисциплины который введен в образовательный процесс и называется «Административно-процедурное право». Предметом административно-процедурного права является административная юрисдикция, которая в свою очередь является одним из институтов административного права.

В настоящее время, в связи с принятием новой Конституции Кыргызской Республики от 5 мая 2021 года, все законодательные акты приводятся в соответствие с ним. Разработан проект «Кодекса КР об административных правонарушениях» и внесен на рассмотрение Жогорку Кенеша, который, как мы надеемся будет принят.

Список использованных источников:

1. Указ Президента Кыргызской Республики от 8 августа 2012 года УП №147 «О мерах по совершенствованию правосудия в Кыргызской Республике» [Электронный ресурс]: Режим доступа//URL:<http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/430402?cl=ru-ru> (дата обращения 22.06.21)

2. Закон КР «Об административной деятельности и административных процедурах» от 31 июля 2015 года №210[Электронный ресурс]: Режим доступа// URL: <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/111254> (дата обращения 22.06.2021)

3. Гюлумян В.Г. Административная ответственность в ретроспективе и перспективе [Электронный ресурс]: Режим доступа//URL:<file:///C:/Users/User/Downloads/398-397-1-PB.pdf> (дата обращения 26.06.2021)

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ТҮҒЫРЫ

Серикбаева С.С., академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.;

Сұлтанов А.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ, заң факультетінің 1 курс студенті

Ғасырлар тоғысында әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы тарихы да тағдырлы шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Қазақ елінің тарихи жолдарындағы елеулі маңызды оқиғаларының бірі 1990 жылы 25 қазанда «Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы» Декларация қабылданды, ал 1991 жылы 16 желтоқсанда біз өз егемендімізді, тәуелсіздігімізді жарияладық. 28 қаңтарда 1993 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарағы кеңесінің тоғызыншы сессиясында дербес, тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда бүкіл халықтық референдумда бүгінгі азаматтарымыз өмір сүріп жатқан Қазақстан Республикасының

Конституциясы қабылданды. Елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығы көп жағдайда сол конституцияның, яғни Негізгі заңның дұрыс жұмыс істеуіне байланысты болмақ. Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет екенін Конституциясымен бүкіл әлемге мойындатты. Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды.

Ел Басымыз Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы атап өткендей, «Қазақстан Конституциясы – бұл заң қарпінде өрнектелген жалпыұлттық идея. Ол біздің ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының азаттық және өз тағдырын өзі шешу мүмкіндігі туралы, билік барша халықтың мүддесіне қызмет ететін мемлекет туралы, бүкіл әлемге белгілі әрі құрметтелетін тәуелсіз ел туралы армандарының осы заманғы құқықтық түсініктерін бейнеледі»[1]. Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізуі мемлекет алдында маңызды келелі міндеттерді алға тартуда. Бұл саладағы атқарылуы тиіс шаралардың ауыр жүгі заң ғылымын, оның ішінде конституциялық құқықтық бағытты да қамтиды. Конституциялық құқықтық нормаларды жүзеге асыру теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік жағынан құнды мәселе қатарына жатады. Егер, конституциялық құқықтық нормалар дұрыс жүзеге асырылса, онда еліміздің негізгі заңында белгіленген талаптар өзінің толыққанды өмірге енуіне мүмкіндік алатын еді. Қазақстан Республикасының Конституциясы тәуелсіз егемен мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан акт болды. Конституция латын тіліннен (constitutio) – «құрылым» деген мағынаны білдіреді. Ал қазіргі түсінік бойынша, Конституция – мемлекеттің Негізгі Заңы. Конституциялық құқықтық нормалар арқылы қоғамдық механизмнің әрекет ету тетіктері және мемлекеттік жүйенің конституциялық негіздері қалыптастырылады. Бұл жағдайлардың барлығы қоғам өмірінде конституциялық құқықтық нормалардың қаншалықты маңызды рөл атқаратындығын аңғартады. Сонымен қатар, конституциялық құқықтық нормалар жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін айқындайды және мемлекеттік органдардың ұйымдық-құқықтық қалыптасуының заңи нысанын жасайды, сондай-ақ саяси-құқықтық жүйесінің қалыптасуының негізін айқындайды. Ғылыми, саяси, құқықтық тұрғыда Конституция материалдық, нысандық мағынада өзіндік мән-маңызға ие. Конституция материалдық мағынада – ең бірінші, елдегі адамның, азаматтың жеке құқықтарымен бостандығын жариялайды, оған кепілдік береді, елдегі әлеуметтік құрылыстың негіздерін, басқару мен мемлекеттік құрылымның нысандарын, жергілікті, орталық билік органдарының негіздерін, құзіреті мен өзара қарым-қатынастарын, мемлекеттің рәміздерін, астанасын айқындайды, осылардың бәрі жөніндегі өкімдік акт, актілердің немесе конституциялық рәсімдердің жиынтығы болып саналады. Конституция нысандық мағынада – барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңи күшке ие заң немесе заңдар тобы болып есептеледі. Яғни, Конституция – елдің бірлігі, берекесі, тыныштығы, оны іс жүзінде жүзеге асыратын қуатты күш, ол – конституциялық құрылыстың құндылықтарымен институттары, нормалары, әлеуметтік байланыстар мен мемлекеттік биліктің қатынастарын мемлекеттік – құқықтық реттеу негіздері ресми түрде баянды етілетін ең жоғары құқықтық нысан, осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі. Құндылықтарымыздың негізін айнытпай орындаудың нәтижесінде аз ғана уақыттың ішінде тұғыры берік, туы биік мемлекеттігімізді орнатып, тәуелсіздігімізді паш еттік. Конституция біздің еліміздің бірлігінің, тұтастығының белгісі іспеттес болды.[2]

АҚШ-та тәуелсіздік Декларациясының авторы Т. Джефферсон, ал АҚШ Конституциясының атасы Д. Мэдисон, Франция Конституциясының дем берушісі және идеологы генерал Шарль де Голль болса, жаңа тәуелсіз мемлекет — Қазақстан Республикасы Конституциясын қабылдаудың ұйымдастырушысы, дем берушісі және авторы Елбасы Н. Назарбаев болғандығы бәрімізге аян. Қазақстан Республикасы Конституциясының Франция Конституциясына ұқсас тұстары өте көп. Дегенмен де, еліміздің жаңа Конституциясын дайындау барысында қазақ елінің өткен тарихтағы дәстүрлерінің көрініп тұратын болуы да ұмыт қалған жоқ. Елбасы Н. Назарбаев енгізген қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның

ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу принциптері ұзақ талас пікірлерден кейін жобаға енгізілді. Күні кешегі тарихи оқиғаларға жүгінсек, жаңа Конституцияны қабылдау қарсаңында ұзақ мерзімді қызу жұмыстар атқарылды. Президенттің бастамасымен құрылған сарапшылар көптеген әлем елдерінің Конституцияларын, әсіресе XX ғасырдың екінші жартысында қабылданғандарын мұқият сараптаудан өткізді. «Біз үшін дамудың әртүрлі сатыларында тұрған, сан алуан әлеуметтік-мәдени, ұлттық және басқа да ерекшеліктері, әр түрлі құқықтық жүйесі бар елдердің Конституциясы басты мәселені - тұрақтылықты нығайтудағы, халықтың әл-ауқатын жақсартудағы және демократияны дамытудағы қол жеткен табыстарын ұғыну маңызды болды. Жұртшылық тарапынан сарапталған 31 мың 886 ұсыныс түссе, соның 1 мың 100-і конституция жобасына енгізілген. Бұл жөнінде Елбасы «Қазақстандық жол» атты кітабында: «1995 жылғы Конституция тақыр жерде пайда болған жоқ. Ол егемен Қазақстанда конституциялық құрылыс орнату үшін бұрыннан жинақталған тәжірибелерді, сондай-ақ біздің жағдайымызға сәйкес келетін ең прогресшіл шетелдік тәжірибелерді барынша толық пайдаланған еді. Сондықтан да, кімде-кім еліміздің Негізгі заңының рухы мен маңызын терең түсінгісі келсе, оны жасаудың, қалыптастырудың тарихын жақсы білуі керек», - деген болатын. Бүгінгі күндегі мақсаттардың ең басты міндеттердің бірі ретінде саяси саланы реформалау. Демократия - әлемнің өркениетті елдерінің таңдауы, яғни біздің де таңдауымыз. Тепе-тең әрі демократиялық саяси жүйе ғана Қазақстанды модернизациялау жөніндегі ұлығаусар міндеттерді еңсере алады.

Мемлекеттің саяси жүйесі Конституцияда нақты көрініс тапқан. Саяси жүйе - елдің саяси өміріне қатысатын мемлекет пен мемлекеттік емес қоғамдық құрылымдардың біртұтас кешенде қарастырылуы. «Саяси жүйе» ұғымын саяси ғылым XX ғасырдың орта шенінен қолдана бастады. Саяси жүйелер теориясының негізін қалағандар американдық саясаттанушылары Д.Истон мен Г.Алмонд. Д.Истон өзінің «Саяси жүйе» (1953), «Саяси өмірді жүйелік талдау» атты еңбектерінде саяси жүйені сырттан келетін импульске жауап беретін дамып және өзін-өзі реттеп отыратын организм ретінде қарастырады. Қоғамның саяси жүйесі - мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының бірігіп, елдің саяси өміріне кірісіп, қоғамды дамытуға, нығайтуға үлес қосуы. Саяси жүйе бұл белгілі бір қоғамдағы билік қатынастарының іс жүзінде анықталынып, қабылданып, орындалуының тұрақты формасы. Ол - елдегі бүкіл саяси өмір, саяси қатынастардың және саяси институттардың жиынтығы. Бұндай институттарға мыналар жатады: мемлекет, партиялар, кәсіподақтар және ядросы билікті басып алу, ұстап қалу және пайдалану болып табылатын қоғамдық өмірдің сол сферасына қатысатын кәсіподақтар мен басқа да ұйымдар мен қозғалыстар. Саяси жүйе ішкі және сыртқы саясатты жүргізуге ықпалын тигізеді, әлеуметтік жіктердің мүдделерін қалыптастырады, көрсетеді және қорғайды.

ҚР қазіргі уақытта саяси жүйесі демократиялық болып табылады. Бұл демократизмнің көрінісін ҚР Конституциясының 3 бабында мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы - халық екені дәлел болып отыр. Сонымен қатар, бұл 3 баптың 2 тармақшасында айқындалған «Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ халық өз билігін жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдарға беруі бұл адам және азаматтардың саяси құқықтарының қалыптасуы мен кепілдіктерін көрсетеді, сонымен қоса саяси жүйе аспектілерін қалыптастыруының бірден-бір негізі болып табылады. Әлемдегі, әсіресе, демократиялық елдердегі саяси жүйелерді зерттеген, теориялық ой-толғамдарын әлем саясаттанушылары мойындаған Толкотт Парсонс, Дэвид Истон, Габриель Алмонд, Карл Дойч, Дж. Бингем Пауэлл және тағы басқа батыстық оқымыстылардың саяси жүйе және олардың негізгі институттары функциялары туралы іліміне сүйенсек, Қазақстанның саяси жүйесі институттарының конституциялық өріс аясындағы қызметінің де өте күрделі, сан тарапты екендігіне толық көз жеткізуге болады.

Мемлекет саяси жүйеге саяси, территориялық (аумақтық), құрылымдық бірлестік ретінде кіреді және өз функцияларын басқа да әлеуметтік институттармен, партиялармен, кәсіподақтармен, жергілікті басқару органдарымен бірлесіп отырып атқарады. Ол саяси

жүйеде жетекші орын алады. Бірақта, саяси жүйені, бірлесіп әрекет ететін номалар, идеялар және соларға негізделген саяси институттар, мекемелер және саяси билікті ұйымдастыратын әрекеттер жиынтығы, азаматтар мен мемлекеттердің өз ара байланысы ретінде қарастырады. Мемлекеттің саяси жүйедегі негізгі ролі оған тән белгілермен байланысады. Ондай белгілерге ҚР Конституцияның 2 бабында айқындалған президенттік басқару нысандағы біртұтас мемлекеттік билікті көрсетеді. Сондай-ақ ҚР Конституциясында мемлекеттіктің маңызды да белгісі мемлекеттің егемендігі бекітілген. Конституция мемлекетте маңызды рөл атқарады, яғни ол саяси жүйенің қалыптасуының оның дамуына, жүзеге асырылуының негізін қалайды. Қоғамның саяси жүйесін саяси функциялар атқаратын мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік институттар құрайды. Мұндай институттарға мемлекет, партиялар, кәсіби одақтар және тағы басқа ұйымдар мен қоғамдар жатады. Олардың бәрінің ортақ мақсаты – мемлекеттік билікке қол жеткізу. Қазақстанда бұған дейін болмаған, қоғамдық өмірдің барлық салаларын кеңінен қамтитын жаңа азаматтық институттардың қалыптасып, дамуы және олардың қызметіне қажетті ұйымдық-құқықтық негіздердің нығаюы; халықаралық танымал демократиялық институттар негізінен біртіндеп мойындаған еліміздің жаңа сайлау жүйесінің қалыптасуы; биліктің негізгі үш тармағының: Президент, Парламент және Үкіметтің біріккен еңбегінің нәтижесінде еліміздің саяси жүйесінің барлық құрамдық бөліктері қызметінің құрылымдық, ұйымдық-құқықтық және өзара қарым-қатынас мәселе-ерін жан-жақты қарастыратын, еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнату бағытында әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін заң жүйесінің жаңадан түзіліп, қабылдануы және бұл үрдістердің қоғамдық қатынастардағы қажеттіліктерге байланысты үнемі жетілдірілуі.

Конституцияда президентализмнің демократия институты ретіндегі саяси жүйедегі орны, мәртебесі өкілдіктері көрсетіліп, ҚР Конституциясының 40 бабында: «Президент – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституция мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі», – деп нақты көрсетілген. Президенттік институт саяси жүйедегі ерекше институт және барлық партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар қызметінің кепілі болғандықтан, ол бүкіл саяси жүйеге немесе оның басым көпшілігіне сүйенгенде ғана саяси жүйеде топтастырушы, байланыстырушы рөл атқарады.

Жаңа 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституция мемлекеттің саяси жүйесінде біршама реформалардың атқарылуымен маңызды болды. Реформалар арқылы елдің құқықтық беріктігі сыналады. Мемлекеттік және әлеуметтік дамудың соңғы он жылдағы тәжірибесі қазақстандық үлгінің дұрыстығын көрсетті. Біз конституциялық реформаны саяси-құқықтық сипатта жүргіздік. Конституциялық реформаның ерекшелігі сол, бір жағынан, ол әлеуметтік-саяси, ал, екінші жағынан, құқықтық процесс болып табылып, қоғамдық қатынастардың қозғалысын реттеді. Конституциялық реформа экономикалық, әлеуметтік-саяси, идеологиялық, ұйымдық және құқықтық принциптерге талдау жасауды қажет етті. Жүргізілген конституциялық қайта өзгертулерді біздің төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңде –1991-1995 жылдары демократиялық үрдіске бет бұрған мемлекет құруда батыл қадам жасалды. Екінші кезеңде – 1995-2000 жылдары қазіргі заманғы демократиялық институттар мен жаңа саяси мәдениет қалыптасты. Үшінші кезең – 2000-2007 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық серпіліс. Ал, төртінші кезең – Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңның қабылдануымен ерекшеленді. Сол жылы іске асырылған реформалардың нәтижесінде Президент, Парламент, атқарушы органдар, сот және құқық қорғау жүйелерінің ұйымдастырылуы мен қызмет негіздерін реттеуші заңнамаға өзгерістер енгізілді. Күрделі де маңызды конституциялық өзгерістердің нәтижесінде Елбасы саяси және экономикалық институттардың қызметтерін одан әрі үйлестіріп, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтты. Адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары аса бағалы құндылық болып табылатын елімізде, Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл –Омбудсман институты құрылып, жаңа саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар пайда болды. Ұлтаралық қатынастарды одан әрі нығайту бағытында Қазақстан халқының Ассамблеясы

Ата Заңда бекіген жаңа орнын тапты. Осы реформаның негізінде 2007 жылғы 18 тамызда Парламент Мәжілісі төртінші шақырылымы депутаттарының сайлауы өтті. Бұл сайлаудың ерекшелігі, депутаттық мандаттың бір бөлігі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынған өкілдеріне тиесілі болды. Тәуелсіздік жылдарында қабылданып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылған құқықтық реформалар қоғамдық қатынастар дамуының орнықтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. 1994 жылғы 12 ақпанда бекітілген еліміздегі құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасында атқарушы биліктің рөлі мен жауапкершілігін арттырудың, мемлекеттік басқару сатысын және президенттік институтты нығайтудың конституциялық заңнамасын жетілдіру қажеттігі нақты көрсетілген еді. Ал, 2002 жылғы 20 қыркүйектегі құқықтық саясат тұжырымдамасында Ата Заң негізінде іске асырылған реформалардың жаңа бағыт-бағдары ерекше атап өтілді. Жоғарыда аталған бағдарламалық құжаттар шеңберінде Конституцияға 1998 және 2007 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтырулар елдің іргетасын бекемдеуге, төл құқықтық базамызды нығайтуға, мемлекеттік құрылыс тәжірибесін еселей түсуге әсер етті. Саяси жүйені дамыту мәселелері бойынша 1,5 мыңға жуық түрлі ақпараттық-талдаулар жарияланса, соның 70-і теориялық мақалалар болған. Құқықтық саясат тұжырымдамасы Ата Заңымыз – Конституцияның негізгі қағидаттары мен идеясының күнделікті өмірде орындалуын көздей отырып, Қазақстанның құқықтық мемлекет құрудағы жаңа кезеңіне жол ашты. Елбасының келер онжылдыққа бағытталған құқықтық саясат тұжырымдамасында адам құқықтары мен бостандықтарының басты бағыттары көзделген.

Құқықтық демократиялық мемлекетте Конституция, яғни біздің қоғам өмірінің Негізгі Заңы аса жоғары мәнге ие. Конституция жобасы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап жасалына бастады. Конституция қабылдаудан бұрын бүкілхалықтық талқылаудан өтті. Біздің Конституциямыз бойынша Қазақстан халқы егемендіктің иесі, республикадағы мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі болып табылады. Негізгі заңымыз – еліміздің тәуелсіздігінің тұғыры деуге толық негіз бар. Ол халық талқылауынан өтіп, референдум арқылы өз күшіне енді. Конституция Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр. Жаңа Конституцияның тағы бір басты артықшылығы – меншіктердің әралуандығын мойындап, оны заң жүзінде бекітті. Енді Қазақстан республикасында мемлекеттік меншікпен қатар жеке меншік те өз күшіне еніп, заңмен қорғалады. Негізгі заң меншіктің қызмет аясы мен мақсатын да айқындап берді. Меншік атаулы қоғам игілігіне ғана жұмсалуда тиіс, ол адамзат мүддесіне қарсы қызмет етпеуге тиіс, ол адамзат мүддесіне қарсы қызмет етпеуге тиіс. Сонда ғана меншік иесін қорғауға кепілдік жасалады. Демократиялық принциптер Конституцияның арнайы «Адам және азамат» атты екінші бөлімінде айқын көрініс тапқан. Конституция еліміздің құқықтық жүйесінде басымды орын алады. Онда қоғамның, экономиканың, саясаттың, әлеуметтік саланың, мемлекеттің және құқықтың сипатын айқындайтын негізгі идеялар баянды етіледі және мемлекеттік реттеудің шектері мен сипаты белгіленеді. Конституция мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бастауларын, халықаралық және ұлттық құқықтың ара-қатынасын айқындайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз
2. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ҚР Конституциясының 15 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзі. 27.08.10 ж
3. Совет Социалистик республикаларының Конституциясы, 1936ж.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2008 жылғы 16 ақпан.
5. Д.Истон «Саяси өмірді жүйелік талдау» (1953)
6. І.Ж. Бақтыбаев. Заң газеті. 2010 жылғы 23 шілде.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫРТҚЫ ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

*Серіктай Н., академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Заң факультетінің 3 курс студенті*

Ғылыми жетекші – Старожилова Н.П.

Көші-қон процестерін жандандыру, Қазақстан Республикасын әлемдік экономикалық жүйеге қосу мемлекеттің көші-қон процестерін, оның ішінде еңбек көші-қонын реттейтін ішкі заңнамасын бір мезгілде жаңғыртуды талап етеді. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартудың және оны жалдаушылардың одан әрі пайдалануының заңдылығын, сыртқы еңбек көші-қоны саласындағы қазақстандық ұлттық заңнаманың құқықтық терминдерінің халықаралық-құқықтық анықтамалармен келісілуін, қабылданған нормативтік құқықтық актілерді талдауды, көшіп-қонушы еңбекшілермен еңбек шарттарын жасасудың өзіне тән ерекшеліктерін бөліп көрсетуді зерттеу бірінші кезекте маңызға ие болып отыр, шетелдің қатысумен еңбекті реттеудің құқықтық негізін жетілдіру жөнінде ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу.

Заң ғылымдарының докторы, академик С.Зиманов ХХ ғасырдың 50-60 жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық академиясының құрамындағы Философия және құқық институтының директоры болған кезінде ел арасынан, соның ішінде Тобықты, онымен аралас-құралас көрші тайпалардың қарияларынан ауызша сақталған Абайдың билік үлгілерін әдейі жинаған. Іздену жұмысына Абайдың ағасы Құдайбердінің баласы Ахат, Тобықты топырағынан шыққан қариялар С.Қасиманұлы, Ә. Қайнарбайұлы сияқты басқа да ақсақалдарды тартқан. Өкінішке орай, түрлі себептермен зерттеу жұмысы аяқсыз қалып арада 50 жыл өткеннен кейін ғана қайта қолға алынып, С. Зимановтың басшылығымен қазақ, орыс, түрік, ағылшын тілдерінде құжаттар, деректер мен зерттеулер жинақталған 10 томдық «Қазақтың ата заңдары» деген еңбегі жарық көрді.

С. Зимановтың келер ұрпаққа мұра ретінде қалдырған таптырмас дүниелерінің бірі осы жинағы.

Жинақтың ІІІ – томында «Абай - ұлы билердің соңғысы және оның бітім-биліктері туралы» бөлімінде Абайдың би ретінде қалыптасуы, Семей облысының қариялары Малдыбайұлы Берікбол, Кеңгірбай ұрпағы Ахметбек Мұртаза тағы басқаларының айтуы бойынша жазып алынып, Ғылыми кітапханаға тапсырылған естеліктер негізінде Абайдың жер дауы, жесір дауы, мал дауына қатысты қылған бітім-биліктеріне талдау жасалған.

Абайдың даналығы да даралығыда бай отбасынан шыққанына қарамастан кедей-кепшік, жатақтардың мұның мұқтап, жоғын жоқтауында болған деп айтсақ қателеспейтін шығармыз. Абай туралы естеліктерден, оның әділдікке келгенде туғаны жоқ тумандай қара қылды қақ жарып тура сөйлеп, қажет болған жағдайда өзінің туғандарына да қатысты билік шығарып, жүгініске шақырғанын көре аламыз.

Оған Абайдың өзінің інісі Оспанға тарттырған айыбы, ағасы Тәңірбердінің баласы Әзімбайға қатысты билігі, інісі Оспанның әйелі, кейін әмеңгерлік жолымен өзіне тоқал болып тиген Еркежанды жүгініске отырғызуын дәлел ретінде келтіруге болады.

1960 жылы Жалғыз Төбе селосының тұрғыны қарт Исақов Айыздың айтуынша жазылған Абайдың інісі Оспанға тарттырған айыбы [3. Б. 69-71].

Кенжесі ретінде Құнанбайдың қарашаңырағына ие болған Оспан содыр мінезді, дандайсыған, сотқарлау болыпты. Жазда Оспан жайлауға көшіп кеткенде, қыстаулар, қора-қопсыны бағып қалған 12 үй жатақтар ой-ойдағы тың жерлерге ағаш, соқаға сауын сиырларын жегіп, бірлесіп 20-25 десятина жерді жырттып, азды-көпті тапқан бидайларын, арпаларын шашып, егін егеді. Оны тұяқтыға таптатпай, тұмсықтыға мұқатпай, қорып өсіреді. Мандай терлері зая кетпей, егіндері көбінесе бітік өседі, алқаракөк болып бұл жылы да толқып тұрады. Күш көлігінің, құрал-сайманның жетімсіздігінен кеш егілген егіс кеш пісетінді. Дегенмен, жатақтар бала-шағасына көжелік, кеспелік астығын жинап алатын.

Бір жылы Оспан жайлаудан жылқысын айдатып көшіп келе жатқан кезінде жатақтардың жайқалып өскен егісін көріп жылқышыларына:

- Ой-ойдағы жатақтардың егініне жайыңдар! – деп әмір береді.

Жатақтардың егіндерін Оспанның жылқысы аузымен орып, тұяғымен таптап күйе жегендей етеді. Сорлы жатақтар зар жылап, күркелерінің түбінде жер шұқып, іштері күйіп өкінеді де қалады. Бұл кез Қоянды жәрмеңкесіне елдің жүрер қарсаңы екен. Қояндыда билердің төтенше съезі де тағайындалады. Абай осы съезге шақырылады. Ол Қояндыға бара жатып, жатақтардың үстімен жүріп, жол-жөнекей әрбір ойпаңда құрым жапқан олардың күркелерін көріп, сусын ішелік деп аттың басын бұрып, бір күркеге тіреледі. Алдынан бір бүкірейген шал шығады, сәлем бергеннен кейін, Абайды танып: «Қуыс үйден құр шықпа» - деп, Абайды шал күркеге кіргізіп, сусын ұсынады. Сол жерде Абайға Оспанның егінді таптатқанын, соның салдарынан шиеттей бала-шағаның қатықсыз көжеге зәру болып қалғанын айтады. Абай шалдың сөзін үндемей отырып тыңдайды да: - Ал ақсақал, қасына

серік ерт те, қос атпен маған еріп жүр, мен ертең жолдағы Оспанның үйіне барамын, сонда осы әңгімені жалғастырайық, - дейді.

Шал: Біздің 12 қос жатақтың аяқ ылау қып мінері жалғыз сабау бұт, жауыр дөненнен басқа біздің көлігіміз жоқ, дейді. Бұдан кейін Абай өзінің жеккен шеткі атын доғарып, шалға береді де: - Менің атыма біреуің, дөненге біреу мініп, ертең сәскеде, мен Оспанның үйіне барар кезімде келіндер, - деп тапсырады. Келесі күні түске таман шал, қасына тағы бір жатақ, Оспанның ауылына түсіп, Абайдың шақыруымен інісімен бас қосқан үйге кіреді. Болған оқиғаның растығына көз жеткеннен кейін Абай Оспанға: - Қазір өзін бар да, жылқыдан құнан-тайы бар, маған 24 жылқы айдап әкел, - дейді. Оспан аң-таң, қапелімде орнынан тұра қоймайды. Абай Оспанға зәрін тігіп, қадала қарайды. Оспан үйден шығып, жылқыға кетеді.

Жылқыға кетіп бара жатып Оспан қиялданады: «Егер Абай осы жылқыны жатақтарға беріп айдатса, қайтар жолына 3-4 жігіт жіберіп, жылқынықайта үйіріне қостырайын» деп, әдіс-айла құрады.

Оспанның үйден қитығып шыққанын жаратпаған Абай: «бұл содыр, соқтыкпа неме, жылқыны айдап үйіріне бір әкелер, бірақ жатақтарды ауылына жеткізбей, өзінің сойылын соғатын көңілдерін жіберіп, «ана екі жатақтың жұлының үз де, жылқыны айдап үйіріне қос» деп те әрекет жасар» деп іштей топшылайды. Оспан 12 ірі жылқы, 12 құнан-саяқтарды айдап келіп, Абайға: - Ал жылқы келді, тілегінді орындадым, әкеңнің малын қайда, неге жаратқан қызығына қарауға рұқсат етіңіз, - деп кекете сөйлейді.

Екі жатақтың қасына өзінің қасына еріп келе жатқан қонды шабарманын қосып: - Мына 24 жылқыны айдасып, жатақтарға барып, 12 үйге, біріне қиянат етпей, бір ірі, бір құнаннан бөліп бер. Бұл менің Оспанның әперген әрі төлеуім, әрі айыбым, - деп айтыңыздар, қорықпай малдансын, қажетіне ұстасын, - дейді де Оспанға: - Бері кел, «құлдық» де, деп бұйырады. Оспан ашуланып: - Тағы қандай әкеңнен қалған малға мырзалық етесін? Тек шаңырақты қорлама, - деп зіл айтады. Сонда Абай: - Әкеңнің шаңырағының қасиетін сақтасаң, көлеңкеде жүрген, жайлауға көшсең, қыстауынды күзететін, әйелдері іркітінді – құрт, жүнінді киіз, малыңның көңін – отын ететін жатақтарда әкеміздің құны кеткен жоқ, сен неге оларды қорлайсың? Алты ай жаз ауруға дем салғандай етіп күтіп, бәйек болып өсірген 12 үй жатақтың егінін әкеңнің жылқысына неге жегіздің? «Жер ортақ, өсімінде менікі-сенікі жоқ» деуің жатақ елінің табанының етін, мандайының терін бағаламау, ел дәстүрінің ата заңындабар ма? Білмесең бар, ана Нұрсейіттен сұрап біл... жерді, суды сен жаратқан жоқсың, жер-су құдайдікі, соны кім пайдаланып, игілікке үлес қосса, соныкі. Сен жерге малыңды жайып өсімін алсаң, жатақ күш-қуатын жұмсап, жерден өнім алуға тиіс. Әкеңнің дәулетінде менің де үлесім бар. Мен сол өз үлесімнен емес, сенің үлесінен жатақтарға айып әпердім. Менің шешіміме қарсы болсаң, Қояндыда болатын съезіне жүр. «Әдепсіз өскен ұл-қыз өлген ата-анасының сүйегіне тіл тигізеді» деген бар. Сен өзінді олардың қатарына жатқызбаудың амалын ойла депті.

Абайдың туысы, Тәкеженнің баласы Әзімбай күшіне, сүйемеліне сеніп, аз жігітек руының егініне 30 жылқысын жіберіп, жайдырады. Бұны басыңғандық деп санап, жылқыларды егін иелері ұстап алады.

Әзімбай ашуланып, 150 адам қол жинап, сойылдасады. Бірақ, жылқыларын қайтара алмайды. Енді ол 300 қол жинап жатқанда оған қарсыласудың қиындығын білген жігіттектің бас адамдары Базаралы мен Дәркенбай түн ішінде Абайға кісі жібереді. Абай ертеңіне егін басында Әзімбайдың, жігіттен Базаралының шағымдарын тындап келіп: - Желінген, тапталған егін үшін, сойылдасқан үшін жігіттердің қолында ұстауда тұрған 30 атты да жатқызады. Әзімбай Семей қаласындағы орыс сотына шағым түсіреді. Сот – Абайдың билігінен асып түсе алмайды. Бұл оқиға 1962 жылы маусым айында «Горный» совхозының тұрғыны Едіжанұлы Әбіштің айтуынша жазып алынды. Туған жері Семей облысы, Шұбартау ауданы [3. Б.71].

Абайдың Еркежанды жүгініске отырғызуы. Абайдың інісі Оспан өзімен аралас-құралас жүрген әрі сенімді құрдасы Көтібайға (керей руының тобықтыға сіңген Құнанбай кезіндегі бір бөлігі): - Менің көзімнің тірісінде Көтібай, сен менен енші алып, бөлек шықшы, - деп

оның еншісіне бір сиыр, бір бие, бір түйе, он қозылы саулық, оның үстіне әкесі «Құнанбай шиі» аталатын қорықтан Майтүбек дейтін жерді шабындыққа бөліп береді.

Оспан өлгесін, үш жылдан кейін, ел бауырға, яғни күзгі жайлауға көшіп келіп, шабылған шөпті қораға тасу басталғанда шаруаны аралап жүрген Еркежанның (бұл кезде Абайға атастырылған) кезіне Майтүбекте үйюлі-үйюлі шөмелер түседі де:

- Мына шөпті неге қалдырдыңдар? – деп, тасушыларға сұрау салады.

- Бұл шөп – Көтібайдың шөбі.

- Көтібай ешқандай шөпті арқалап әкелген жоқ. Шөпті қораға тасыңдар, - деп Еркежан бұйырыпты.

Көтібай баталмай жүріп-жүріп, Абайға барады. Сөз де айта алмай, үнсіз отырып кетейін деп тұра бергенде, Көтібайдың көзінен сорғалап аққан жасты Абай сезіп қалады да:

- Әй Көтібай, бері келші, отыршы, сен неге жыладың?

- Әншейін.

- Әншейін емес, бері кел, сенің көзіңнің жасыңда бір сыр бар. Үш түрлі жылас бар: шын жылас, біреуді мадақтап жылау, сонсоң біреуді алдап жылау... Сенің көзіңнің жасы – шын жыластың жасы.

Сырыңды айтшы, неге жыладың? – деп Абай тежеген соң Көтібай: - Кенже Оспан есіме түсіп кетті, - дей салды. Сонда Абай: - Әкем бір, шешем бір, ең жақсы көретін кенже бауырым Оспанға бұл күнде мен жыламағанда, сен жылайтын себебің не? – дейді.

- Өзіңіз білесіз, Оспан маған енші беріп еді. Сонда маған шабындыққа Майтүбекті ұсынған. Биыл шауып қойған шөбімді Еркежан бәйбіше қораға тасыттырып, үйіп алыпты.

- Шөп сенікі екенін біле ме?

- Тасушылар айтқан екен, оған қарамапты Еркежан бәйбіше.

Далада шаруашылықпен жүрген Еркежанды Абай шақырттырып алыпты. Үйге кіріп келген Еркежанды Абай өзінен жоғары, ең төрге отырғызыпты. Оған Абай:

- Кәдімгідей жүгініп отыр, - дейді.

- Болды емес пе?

- Енді екі қолыңды салалап, тізеңнің үстіне сал – Бәрін орындағаннан кейін Абай Еркежанға:

- Мына Көтібайға сенің қыздай алған байың Оспан марқұм, менің туған інім кезінде шабындық берген, оны өзің білесің. Сонша тарлық жасап, сол шабындықта үйген шөбің қораға неге тасытып алдың? Осының артын аңғардың ба? Көрген-білген әділдікті Абай алдымен үйінде орнатып алсын деп көзімізге шұқып, жүзімізге таңба салмай ма? – деген Абай сұрауына Еркежан тіл қатпай, үндемей, өң-түсі қашып отырып қалады. Көтібай бұның бәрін тыңдап, үнсіз отырады.

Шөп тасушыларды Абай шақырып алып: - Көтібайдың шапқан жерінен қанша шөп тасып алдыңдар? Енді сол қораға тасыған шөпті, Көтібайдың шөбінен екі есе артық етіп, оның қорасына тасып, үйіп беріңіздер, - деп билігін айтыпты. Бұл билікті естіген Еркежан үнсіз жүгініп отыра беріпті. (айтушы Қасен Балғабайұлы, Абай ауданы, 1958 жыл) [3. Б.75-76].

Абай өзінің беделін, білімі мен би атағын қуғын, жәбір көрген, бас бостандығын тілеген қыз әйелдерге көмекке жұмсады. «Әкем жесір әйелге, жетім балаға қатты қарайласатын» - дейді келіні Камалия [4].

С.Сартаевтың басшылығымен 1982 жылы жарық көрген «История государства и права Казахской ССР» атты оқу құралында XIX ғасырдың 60-90 жылдарындағы Патша империясының ішкі отары – Қазақстандағы отбасы құқығын баяндай келе, XIX ғасырдың аяғында орыс демократиялық қоғамының прогрессивті әсерінен және әсіресе керемет қазақ ағартушылары Уалиханов, Алтынсарин, Абайдың және олардың ізбасарлары, қазақ әдет-ғұрыптарын ресми сақтаушы – билер – Қазақстанның кейбір жерлерінде әдет-ғұрыпқа ереже қабылдау арқылы отбасындағы әйелдің құқықтық жағдайын жақсартатын прогрессивті нормалар енгізді деп көрсетеді [5. Б.142].

Абайдың кейбір қылғанбиліктері,мысалы, Салиқа қыздың дауы, жатақтардың пайдасына шешілген Тәкежан, Ысқақтарға қатысты билігі тағы басқалары М. Әуезовтың «Абай жолы» романында шебер сипатталады.

Жинақтың Ү-томында 1885 жылдың мамыр айында Қарамола жәрмеңкесінде өткен бес дуан елінің Кереку, Қарқаралы, Семей, Өскемен, Зайсан билері мен құрметті адамдары бас қосқан төтенше съезде қабылданған «Қарамола Ережесі» қазақ және орыс тілдерінде берілген [6. Б.186-207].

Қарамола съезі жайында Абаймен бірге болған Мүсірәлі ақсақалдың естегісінен осы съезде Абай Төбе би болып сайланып, жиылған дүйім жұртты аузына қаратады. Съезде Абай оязға орыстың қазақ ортасындағы дауларын бітіру туралы шығарған заңының қазақтың әдет-ғұрпына қайшы келетінін айттып, ояз Абайға қазақ әдет-ғұрпына қолайлы заң жаз деп тапсырған. Үш күннен кейін ояз барлық елді жиып алып, Абайдың жазған жаңа заңын оқытты. Көпшілік түгел мақұлдады, бір ауыз сөз қосқан жан болмады. Ояз Ибраһим Құнанбайұлының заңы бекітіп, бұдан бұлай билер, осы заңмен билік айтсын деген екен.

Осы съезге қатысқан Уақ руы, Көкен болысына қарайтын Қандар дейтін ауылдан шыққан, Уақ, Керей, Матай ортасына қадірлі ақсақал Әлімхан да: «Абайды заңнан, қазақтың жолынан жеңетін біздің Орта жүзден ұл туған жоқ», - деген екен [7].

«Ереже сол кездегі ресми, кеңсе араб, парсы, ноғай тілдерімен жазылған – оны орысшадан аударған Айтбакин деген Қарқаралы дуанының тілмашы, тәрізі Абай заңды орыс тілінде жазған да, билерге қазақша өзі түсіндіріп оқып берген. Заңның мұсылманша мәтіні Қазаннан тауып әкелген академия қызметкері Қарта Қаңтарбаев. Алайда орысшадан оны аударған Айтбакин сол кездегі ресми тілмен жазғандықтан қазіргі әдеби тілге көшіріп жаздық», дейді С. Зиманов [6. Б.76].

Бұл қазақ даласында тұңғыш жарық көрген құқықтық құжат. Далалық өлке мен Семей облысының губернаторлары ереже мәтінің басқаларға үлгі болуы үшін және Петербургтық билік инстанцияларына есеп беруі үшін екі тілде көбейтілуіне мүдделі болды.

Бұл құжаттың 1886 жылы Казан университетінің баспаханасында араб әрпімен басылып шығарылған мұқият түптелген шағын кітапша түріндегі бір данасын белгілі жазушы Ғ.Мүсірепов ғұмырының соңғы кезінде Қазақстан Орталық мемлекеттік архивіне табыс еткен. Құжатпен бірге мұрағат директоры, белгілі қаламгер Сапар Байжановқа төмендегідей хат жолдайды: Сапар, 1885 жылы Қарамолада бес дуанның съезінде қабылданған ережені беріп жібердім.

1. Ескіше білетін біреуге түгел жаңа алфавитпен көшіртіп аларсың да бастырып шығарарсың (көшірмесін мұқият қарау керек болар)

2. Ереже әуелі орысша басылған, Казан университетінің архивінен сол түпнұсқасын да алдырғаның дұрыс болар.

3. Бұл өте мағыналы нәрсе ғой, екі тілде де басылып шыққаны үлкен еңбек болар еді (Басқа көршілес бауырларымызда бұндай заң қабылданбаған ғой). Көшіргенде татарша текстің өзін қазақшалаған дұрыс болатын шығар. Ғ. Мүсірепов, 21.11.1985 ж. [8].

Ереже Қазақстан Орталық архивінің қызметкерлері Б.Байғалиев пен Ж. Ахмадиевтің күшімен қазіргі қазақ әрпі мен әдеби тіліне икемдей көшіріліп, 1992 жылы Абай журналының №3 санында тұңғыш жарияланған.

Ереженің орыс тіліндегі мәтіні 74 баптан, ал қазақ тіліндегі мәтіні 73 баптан тұрады. Осы екі мәтінді салыстыру арқылы ереженің қазақ тіліндегі мәтінде 15-бап аударылмай түсіп қалғандығын көреміз, соның салдарынан кейінгі баптар автоматты түрде көтеріліп қазақ мәтінде 73 бапты құрайды.

Ереже процессуалдық және материалдық нормалардан құралған.

Процессуалдық нормалар ретінде билердің құрамы (1,2-бап); сырттай билік шығару (3-бап), шағым беру (7-бап), істі қараусыз қалдыру, шығын төлеу (4-бап), бас тарту (6, 20 баптар), бидің өздігінен бас тартуы (5-бап); мерзімдерге арналған баптарды (16, 23 баптар) т.б. көрсетуге болады.

Жоғарыда аталған институттар бүгінгі күнгі өзіміз басшылыққа алып жүрген азаматтық процестік заңнаманың негізгі институттары ретінде белгіленді.

Материалдық нормалар ретінде қылмыстық құқық, отбасы құқығы, мұрагерлік құқық нормаларын (50-бап) айтуға болады.

Ережеәдет-ғұрып нормаларына негізделген. Олардың кейбіреуі нақты бекітілген де. Мысалы: 49-бапта құдалық уағдасы бекітіледі – құда түсіп, құйрық бауыр жегеннен кейін делінген. Ереженің 51-бабында сойыс, қонағасы қазақ рәсімінде бар. Бермеген кісі бір атшапаннан бір түйеге дейін айыпты болады. Осы бапта сойыс беруден жол үстінде, жәрмеңке қасында, қайық аузында, съезд мекенінде, қала қасында тұрушылар босатылады деп көрсетілген.

Ережеде «береке бітім», «салауат бітім», «сүйінші алу», «күмән» рәсімдері де кездеседі.

Кезінде Ұлы Абай 1206 жылы құрылған көшпенділер империясы туралы: «Моңғолдан Шыңғысхан шыққанда, қазақтан шыққан Үйсін Майқы би оның заңдарын жасап, мемлекеттің құқықтық жүйесін қалыптастырған. Осындай еңбегі үшін «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би», - деген мақал қалған деп жазған.

Қазақ хандығын күшті мемлекетке айналдырған хандары, есімдері ерекше тарихта қалған Қасым, Есім, Тәуке хандарда тарихи сахнадан ойып тұрып орын алды. Бұл хандар ел билегенде бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрыптарды қолданып елдің ішінде өріс алған ру таласы, бас араздық, іштей арбасу, аяқтан шалу, өшіктіру, барымта сияқты алауыздықты тудыратын себептерді жоюға күш салды.

Бұл дәстүрді Абай Құнанбайұлыда одан әрі жалғастырып жаңа заңдар жинағын шығарған ұлы тұлға екенін мойындауымыз керек.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрі негізінде дайындалған қазақ даласында тұңғыш жарық көрген Абайдың «Қарамола ережесі» әлі де тарқатып зерттеуді талап ететін үлкен құқықтық құжат. Оның баптары мен қағидаларын зерделеп, келер ұрпаққа насихаттап, болашақта «Майқының Жасасы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолымен», Абайдың жазған «Қарамола Ережесі» деп айтылатындай етіп бір қатарға қою мына біздер, заңгерлердің еншісінде.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.Шаяхмет. Абай – жұмбақ әлем, зерттелмеген мұхит, игерілмеген ғарыш // <https://abai.kz/post/96894>
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 8-том: Мақалалар, зерттеулер, очерктер, әңгімелер, аудармалар, құжаттар. 1930-1934. – 504 б.
3. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. /Бағдарлама жеткешісі: С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. («Интеллектуал - Парасат» заң компаниясы). 3-том. – 2004.-616 бет.
4. С.Зиманов. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-биліктері туралы. // <https://abai.alemi.kz/post/view?id=1103>
5. История государства и права Казахской ССР. Под общей редакцией члена-корреспондента АН КазССР С.С.Сартаева. Алма-Ата, «Мектеп», 1982. – 182 с.
6. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. /Бағдарлама жеткешісі: С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. («Интеллектуал - Парасат» заң компаниясы). 5-том. – 2005.-544 бет.
7. Абай барған Қарамола съезі // <https://abai.alemi.kz/post/view?id=944>
8. Абай: Қарамолада жазылған ереже // <https://abai.kz/post/42988>

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

*Шукан А., КАЗГЮУ университетінің заң факультетінің докторанты,
академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университетінің,
Шет тілі факультетінің аға оқытушысы*

Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстылықты киберкеңістікте ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның жекелеген элементтерінің көмегімен жасалатын немесе ақпаратқа, ақпараттық жүйелер мен желілерге қарсы жасалатын қылмысты әрекеттердің жиынтығымен сипатталатын жалпы қылмыстылықтың құрамдас бөлігі деп есептеледі.

Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстылық ұғымымен қылмыстық заңның ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы тарауымен көзделген әрекеттер ғана емес, киберкеңістікте жасалатын қылмысты әрекеттердің барлығы қамтылады. Алайда біз еліміздегі киберқылмыстылық жағдайына сипаттама бергенде ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтеріне жүгінеміз. Қылмыстылық туралы ресми статистикалық мәліметтер ҚР ҚК Ерекше бөлімінің тараулары және баптары бойынша топтастырылып беріледі, әр баптың бөліктері мен тармақтарында көзделген саралаушы белгілер туралы деректер бөлек жинақталып, өңделмейді. Тек 2018 жылдан бастап, №1-М статистикалық есебінде Интернет-алаяқтық туралы мәліметтер бөлек келтіріле бастады. Осы себепті киберқылмыстылықтың сандық-сапалық көрсеткіштерін ҚР ҚК 7-тарауында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың статистикасы негізінде талдаймыз.

Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстылықтың соңғы он жылдағы деңгейінде басым бір үрдіс (тенденция) байқалмайды, тіркелген қылмыстар /қылмыстық теріс қылықтар саны бейберекет кеміп немесе өсіп отырады. Дегенмен, 2014 жылғы ҚР ҚК қолданыста болған кезең ішінде олардың саны тұрақты түрде кеміп бара жатқанын аңғаруға болады (Кесте 3).

Кесте 3 – Қазақстандағы 2010-2020 жылдар аралығындағы ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстардың /қылмыстық құқық бұзушылықтардың деңгейі [1]


Жылдар	Қылмыстық заңбаптары	Жалпы саны	Абс. өсуі	Өсу қарқыны
2010	1997 жылғы ҚР ҚК 227-бабы	114	-	-
2011	1997 жылғы ҚР ҚК 227-бабы	76	-38	-33,4
2012	1997 жылғы ҚР ҚК 227-бабы	55	-21	-27,6
2013	1997 жылғы ҚР ҚК 227-бабы	80	+25	+45
2014	1997 жылғы ҚР ҚК 227-бабы /227-2 – 227-10 баптары	104	+24	+30
2015	2014 жылғы ҚР ҚК 205–213-баптары	176	+72	+69
2016	2014 жылғы ҚР ҚК 205–213-баптары	132	-44	-25
2017	2014 жылғы ҚР ҚК 205–213-баптары	107	-25	-19

2018	2014 жылғы ҚР ҚК 205–213-баптары	72	-35	-32,7
2019	2014 жылғы ҚР ҚК 205–213-баптары	108	+38	+50
2020	2014 жылғы ҚР ҚК 205–213-баптары	62	-46	-43

Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстылықтың абсолюттік өсуі/кемуі мен өсу/кему қарқынын есептегенде біз базистік емес, тізбектік динамикалық қатар құрдық, яғни әрбір жылдың көрсеткіштерін алдыңғы жылдың көрсеткіштерімен салыстырдық. Соңғы он жыл ішінде осы саладағы отандық қылмыстық заңнама екі рет елеулі өзгерістерге ұшырағандықтан, салыстырудың базисіретінде қандай да бір жылдың көрсеткіштерін таңдап алудың қисыны болмады.

Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмысты әрекеттердің сандық көрсеткіштерінің қарастырылып отырған мерзім ішіндегі өзгерісін төмендегі диаграммадан көрнекі түрде (Сурет 3) байқауға болады.

Сурет 3 – Қазақстандағы ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстардың /қылмыстық құқық бұзушылықтардың 2010-2020 жылдар аралығындағы динамикасы.



2015 жылы ақпараттандыру және байланыс саласындағы тіркелген қылмыстық құқықбұзушылықтар санының күрт өсуі елдегі криминалдық ахуалдың объективті түрде нашарлауының салдары болып табылмайды. Бұл жылы еліміз қылмыс /қылмыстық теріс қылық оқиғаларын тіркеудің жаңа жүйесіне көшті және тіркелген қылмыстылық деңгейіндегі өзгерістер жаңа жүйенің орнығу және жүре келет ұрақтану процесімен байланысты.

Бұл ойымыздың негізділігін ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың қылмыстылықтың жалпы құрылымындағы үлес салмағы дәлелдейді. Айталық, 2014 жылғы Қолданысқа енген кезден кейінгі кезең ішіндегі көрсеткіштер келесідей: 2015 жылы – 0,046%; 2016 жылы – 0,036%; 2017 жылы – 0,034%; 2018 жылы – 0,025%; 2019 жылы – 0,044%; 2020 жылы – 0,038%. Қазақстандағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың қылмыстылықтың жалпы құрылымындағы үлес салмағының осыншалықты мардымсыз болуы жұмысымыздың бірінші бөлімінде айтылған тезисімізді тағы да бір қуаттайды: елімізде қылмыстылықтың бұл көрінісі ресми статистикадан көрініс таппайды, оған қарсы іс-қимылға жеткілікті көңіл бөлінбейді, оның қоғамдық қауіптілігі барабар бағасын алмайды.

Еліміздегі ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстылық пен байланысты жағдайдың қаншалықты ушығып тұрғанына Интернет-алаяқтық туралы сандық деректермен танысу арқылы көзжеткізуге болады (Кесте 4).

Ғаламторды қолданушылар арасында бүкіл әлемге тарап кеткен алаяқтық әдістерінің бірі – «Нигериялық хаттар». Әдістің атауы Нигериядан шыққан иммигранттармен

байланысты. Бұл әдіс бойынша, үшінші елдің резиденті бай елдің резидентіне орынды сылтаумен қомақты қаржы активтерін алуға көмектесуді ұсынады, операция нәтижесінде түскен ақшаны тараптар адал бөлісіп алады-мыс. Интернет-алаяқтықтың жоғарыда аталғаннан басқа да схемалары бар, мысалы, ауру балаларға, діни ұйымдарға, өрттен зардап шеккендерге, жер сілкінісі құрбандарына, балалар үйіне және т.б. қайырымдылық мақсаттарда ақша аудару. Әлемдегі әлеуметтік маңызды оқиғаларды бақылайтын және оларға алғашқылардың бірі болып жауап беретін алаяқтардың әрекеттерінің жеделдігін атап өткен жөн. Мәселен, 2020 жылы пандемия кезінде жұмысынан айырылған қазақстандықтарға 42500 теңге көлемінде әлеуметтік төлем аудару туралы шешім шығасалысымен, әлеуметтік желілерде осы соманы алуға «көмектесу» туралы жалған ақпарат қаптап кетті [2]. Ал ісжүзінде «көмекшілердің» шынайы мақсаты – азаматтардың дербес деректеріне (ИИН, ЭЦҚ, банк картасының номері және т.б.) қолжеткізу.

Кесте 4 – Қазақстандағы 2018-2020 жылдардағы Интернет-алаяқтықтың деңгейі [3]

Жылдар	Алаяқтықтардың жалпы саны	Оның ішінде Интернетте		Абсолютті көсуі/кемуі
		саны	үлессалмағы (%)	
2018	29282	517	1,8	-
2019	32286	7769	24	+7252
2020	33653	14155	42	+6386


Келтірілген статистика ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау атап сенімін теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтықтың 2020 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 27 (!) еседен астам өскенін және оның алаяқтық қылмыстарының құрылымындағы үлес салмағы 1,8 пайыздан 42 пайызға дейін көтерілгенін көрсетіп тұр. Біздің ойымызша, бұл алаңдатарлық жағдай және шұғыл шараларды қолға алуды қажет етеді.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстылықтың құрылымын, яғни олардың жекелеген түрлерінің осы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санындағы үлессалмағы туралы мәліметтерді төмендегі кестеден байқауға болады (Кесте 5).


Кесте 5 – Қазақстандағы 2015-2020 жылдар аралығындағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың құрылымы (абс. саны /үлес салмағы)

ҚР ҚК баптары	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
205-бап.	50 /28,4%	44 /33,3%	53 /49,5%	28 /38,8%	59 /54,6%	37 /59,6%
206-бап.	14 /7,9%	9 /6,8%	22 /20,6%	13 /18%	6 /5,5%	9 /14,4
207-бап.	9 /5,1%	11 /8,3%	7 /6,5%	5 /6,9%	6 /5,5%	4 /6,5
208-бап.	14 /7,9%	20 /15,2%	4 /3,7%	11 /15,2%	16 /14,8)	4 /6,5
209-бап.	1 /0,6	-	-	1 /1,5%	-	-
210-бап.	61 /34,7%	24 /18,2%	11 /10,4%	4 /5,6%	4 /3,7%	4 /6,5
211-бап.	19 /10,8%	17 /12,9%	7 /6,5%	7 /9,7%	8 /7,5%	4 /6,5
212-бап.	4 /2,3%	2 /1,5%	1 /0,9%	1 /1,5%	2 /1,9%	-
213-бап.	4 /2,3%	5 /3,8%	2 /1,9%	2 /2,8%	7 /6,5%	-
Жалпы саны	176 /100	132 /100	107 /100	72 /100	108 /100	62 /100

Сурет 4 – Қазақстандағы 2015-2020 жылдар аралығындағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың түрлері бойынша динамикасы



Сурет 5 – Қазақстандағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың соңғы алты жылдағы жиынтық құрылымы



Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың ең жиі тіркелетін түрін тұрақты түрде ақпаратқа, ақпараттық жүйеге атап телекоммуникациялар желісіне құқыққа сыйымсыз қолжеткізу (ҚР ҚК 205-бабы) құрайды, ал қылмыстық құқықбұзушылықтардың ең сирек тіркелетін түріне ақпаратты беруге мәжбүрлеу (ҚР ҚК 209-бабы) жатады. Зиянды компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық көнімдерді жасау, пайдалану атап тарату (ҚР ҚК 210-бабы) қылмысының ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың құрылымындағы үлес салмағы 2015 жылы 34,7 пайызды құраса, бұдан кейінгі кезеңде тұрақты түрде азайып, 2019 жылы 3,7 пайызға дейін кеміген. 2018-2019 жылдары таралу жиілігі бойынша екінші орынға ақпараттық құқыққа сыйымсыз иеленіп алу (ҚР ҚК 208-бабы), ал 2020 жылы ақпараттық жүйенің атап телекоммуникациялар желісінің жұмысын бұзу (ҚР ҚК 206-бабы) шығып отыр.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы тіркелген қылмыстық құқықбұзушылықтардың барлығы сотқа дейін жетіп, айыптау үкімін шығарумен аяқталмайды (Кесте 6). Әдетте қылмыстық істер түрлі егіздер бойынша (мысалы, қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамның анықталмауы) тоқтатыла тұрады атап қысқартылады.

Кесте 6 – Қазақстандағы 2015-2020 жылдар аралығындағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтар жөніндегі істердің қозғалысы [3]

Жылдар	Тіркелгені	Сотқа жіберілгені		Үкім шығарылғаны
		абс. саны	үлес салм. (%)	
2015	176	24	13,6	-
2016	132	29	22	-
2017	107	3	2,8	-
2018	72	6	8,3	1
2019	108	11	10,2	2
2020	62	2	3,2	-

Келтірілген ресми деректер біздің елде ақпараттандыру және байланыс саласында қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамдарға қатысты қылмыстық жауаптылық пен жазаның болмай қоймайтындығы принципі мүлде іске аспайтынын, кибер қылмыскерлер Қазақстанда өздерін еркін сезінетінін айғақтайды.

Көршілес Ресей Федерациясында да осыған ұқсас жағдай қалыптасуда. Компьютерлік қылмыстардың статистикасын зерттеген А.Э. Побегайло бұл қылмыстардың динамикасын арегессивті сипат тән, яғни тіркелген, тергелген және сотқа жіберілген қылмыстық істер саны жылдан жылға кеміп барады деген қорытынды [4].

Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстық әрекеттер туралы ресми статистикағасыни көзбен қарап, оның осы саладағы қылмыстылықтың шынайы жағдайын қаншалықты дәл сипаттайтыны туралы ойлану керек. Қазіргі уақытта қоғамдық өмірдегі құбылыстар мен үрдістерді сипаттайтын сандық мәліметтер жиынтығы ретіндегі статистика нені білдіреді деген сұраққа бір жақты жауап табу қиын. Қоғамда шынайы әрекет ететін құбылыстардың, мысалы, қылмыстылықтың көрінісіме, әлде өзін-өзі беретін нәрсенің белгілі тарихи ұғымының көрінісіме, әлде n-санды қылмыстарды тіркейтін органдар қызметі нәтижесінің көрінісіме, әлде әртүрлі мөлшерде алынған осының барлығыма, әлде ғылымның аталмыш даму кезеңінде біздің түсінігіміз үшін қолжетімсіз басқа нәрсеме?

Қылмыстық-құқықтық статистика, құқықтық статистика салаларының бірі ретінде, зерттеудің маңызды құралы болып табылады. Ол қылмыстылықтың сандық және сапалық көрінісін сипаттайды, қылмыстылықтың құрылымы мен динамикасын, құқықбұзушының жеке басы туралы мәліметтерді, жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктердегі, экономика салаларындағы қылмыстардың таралу деңгейін, олардың себептерін және т.б. егжей-тегжейлі талдау үшін жағдай жасайды [5]. Қылмыстық статистиканың негізгі мақсаты қылмыстылықты сандық қырынан зерттеу арқылы оның сапалық ерекшеліктерін ашу болып табылады. Аталған мақсатты толыққанды іске асыру үшін статистикалық мәліметтер мейлінше объективті болып, бұрмалауларға ұшырамауы керек.

Біздің елімізде қылмыстық-құқықтық статистика барлық қылмыстық құқықбұзушылықтарды тұтастай есепке алу жолымен жүргізіледі. Дегенмен, қоғамда орындалған қылмысты әрекеттердің барлық жиынтығын қамтып, оларды тіркеу объективті түрде мүмкін емес. Қылмысты әрекеттерді толығымен тіркеу және қылмыскерлердің барлығын жауаптылыққа тарту – адамзат тарихында ешқашан және ешкімнің қолынан келмеген шаруа. Беймәлім (латентті) қылмыстылық барлық елдерде болған, қазір де бар және әрі қарай да бола береді.

Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстылықты зерттеу криминология ғылымы алдында тұрған өткір мәселердің бірі болып табылады. Соңғы уақыттарда криминологиялық әдебиетте қылмыстылықтың осы көрінісіне назар аударыла бастағанына қарамастан, аталған салада көптеген шешімін таппаған мәселелер жетерлік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Форма отчета № 1-М «О зарегистрированных уголовных правонарушениях». <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>
2. Мошенничество на фоне Covid-19: казахстанцам предлагают помочь получить 42 500 тенге или отсрочку по кредиту. <https://inforburo.kz/novosti/moshennichestvo-na-fone-covid-19-kazahstancam-predlagayut-pomoch-poluchit-42-500-tenge-ili-otsrochku-po-kreditu-104809.html>
3. Форма отчета № 1-М «О зарегистрированных уголовных правонарушениях». <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>
4. Побегайло А.Э. Борьба с киберпреступностью: Учебное пособие. Ун-т прокуратуры Рос. Федерации. – М., 2018. – 184 с. - С.101.
5. Рак И.П., Образцов Д.В., Селезнев А.В. Уголовная статистика: Учебное пособие. – Тамбов: Издательство ТГТУ, 2009. – 80 с.